

**Аудан әкімдігінің 2004 жылғы 12 тамыздағы "Қазақ тілі және әдебиетінің озат мұғалімі"
" грантын бекіту туралы N 179 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 26 тамыздағы N 254 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 6 қазанда N 13-5-85 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Құқықтық нормативтік актілер туралы» № 213-1 Заңының 28-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2004 жылғы 12 тамыздағы «Қазақ тілі және әдебиетінің озат мұғалімі» грантын бекіту туралы» № 179 қаулысына (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде № 1342 тіркелді, 2004 жылғы 24 қыркүйектегі «Айыртау таңы» және 2004 жылғы 24 қыркүйектегі «Айыртауские зори» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын: «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сәйкес келетін жылға ай сайын гранттарды төлеуге аудан бюджетінен қаржы бөлуді қарастырсын;

4-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын: «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Қазақ тілі және әдебиетінің озат мұғалімі» гранттарын белгілеу туралы Ережеге сәйкес гранттарды төлеуді қамтамасыз е т с і н .

5-тармақтағы «Е.С.Қалиев» сөзі «Бүбенеєв Қ.Н.» сөзімен ауыстырылсын; аталған қаулымен бекітілген «Қазақ тілі және әдебиетінің озат мұғалімі» гранттарын белгілеу туралы Ережедегі:

6-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын: Гранттар ай сайын жұмыс нәтижесі б о й ы н ш а б е р і л е д і ;

аталған қаулымен бекітілген гранттарды төлеуді есептеу алынсын; аталған қаулымен бекітілген «Қазақ тілі және әдебиетінің озат мұғалімі» гранттарын белгілеу бойынша комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Н. Бүбенеєвке ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш арнайы жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Айнабеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК